

Магистратураның «Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы

Мақсаты: Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласындағы басқарудың тиімді шешімдерін әзірлеуге және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін басқарушылық құзыреттерге ие магистрлерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- өзгертулерге жылдам әрекет ету және тиімді шешімдер қабылдау үшін басшылық құзыреттерін қалыптастыру;
- мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру үшін құзыретті дамыту.

Оқытудан күтілетін нәтиже:

Стратегиялық ойлау және көзқарас: жаһандық ойлау қабілеті, стратегияны жасау мүмкіндігі;

Көшбасшылық және қызметті басқару: көшбасшы болу, жұмысты тиімді жоспарлау және ұйымдастыру, стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды айқындау, өкілеттігін дұрыс анықтау және жауапкершілікті бөлу. Сонымен бірге, тапсырылған міндеттерді сапалы және уақтылы орындау үшін команданың жағдайын және бағдарлануын қалыптастыру;

Тиімді шешімдерді қабылдау: стратегиялық мақсаттарға сәйкес нақты тапсырмаларды белгілеу, сондай-ақ дәйекті және тиімді шешімдерді қабылдау мүмкіндігі;

Ынтымақтастық және қызметті тұтынушыға бағдарлану: қызметкерлерге мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді өзара әрекеттесуді қалыптастыруға, әр қызметкердің өз міндеттеріне қол жеткізу үшін әлеуетін пайдалануға мүмкіндік беру. Сонымен бірге, қызметтерді ұсынудың тиімді құралдарын білу және пайдалану;

Жеделдік: өзгерістерге уақтылы әрекет ету, осы өзгерістерді талдау және жұмысқа жаңа тәсілдерді қолдануға қатысты тиісті ұсыныстар жасау бойынша тиімді шаралар әзірлеу үшін құзыреттілікке ие болу;

Адалдық: этикалық нормалардың сақталуы, этикалық нормалар мен стандарттарға сәйкестік сезімін дамыту, этикалық нормалар мен құндылықтарды практикада интеграциялау;

Жауапкершілік және бастамашылдық: құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыру үшін жеке жауапкершілікті алу мүмкіндігі. Сонымен бірге, қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды қарастыру және әзірлеу мүмкіндігі.

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Мемлекеттік басқару: теория және талдау	5
	Мемлекеттік саясаттағы микроэкономика	5
	Кәсіби қарым-қатынас стратегиялары және ағылшын тілінде көпшілік алдында сөйлеу	5
	Мемлекеттік басқарудағы деректерді талдау негізінде шешім қабылдау	3
	Магистранттың эксперименттік зерттеу жұмысы	2
	Магистранттың эксперименттік ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ)	6
	1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	26
	Мемлекеттік мекемелердегі ұйымдастырушылық мінез-құлық	5

2	Макроэкономикалық талдау	5
	Саясатты талдау: бағалау және енгізу	5
	Мемлекеттік қаржы және бюджет	5
	Кәсіби қазақ тілі	2
	МҒЗЖ	4
	Практика	5
2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		31
3	Мемлекеттік басқарудың құқықтық аспектілері	5
	Мемлекеттік сектордың қызметін бағалау	5
	Стратегиялық басқару және көшбасшылық	5
	Қоғамдық жүйелерді модельдеу	5
	Пәндер каталогынан таңдау курсы, серіктес университет немесе бюро	5
	МҒЗЖ	6
3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		31
4	Пәндер каталогынан таңдау курсы, серіктес университет немесе бюро	13
	Әлеуметтік қамсыздандыру саясаты	5
	МҒЗЖ	6
	Тәжірибе	2
	4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	
Теориялық оқу қорытындысы (сонымен қатар тәжірибе)		92
МҒЗЖ:		24
• МҒЗЖ, қоса магистрлік юобаны жүзеге асыру		22
• Тәжірибе		2
Аттестация қорытындысы (магистрлік жобаны жасау және қорғау)		12
Қосымша оқу қорытындысы		36
Міндетті игеру кредиттерінің қорытындысы		126